

## Су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы Ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 27 қаңтардағы N 102. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.16. N 42 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақ ССР-і кіші-гірім өзендерінің су қорғау аймақтары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің 1982 жылғы 30 маусымдағы N 278 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 27 қаңтардағы  
N 102 қаулысымен  
Бекітілген

### Су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы Ереже

1. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес, жер бетіндегі су тоғандарының қолайлы су режимін, сақтау, оларды қайырлану мен шөп басудан, топырақтың су эрозиясынан, су хайуанаттары мен құстарының мекендеу жағдайының нашарлануынан сақтандыру, су ағысының құбылмалылығын азайту мақсатында су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленеді.

Өзен, көл, су қоймасы, суару-суландыру жүйелері акваторияларына іргелес жатқан аумақ - су қорғау аймағы болып табылады, онда суды ластанудан, былғану мен сарқылудан сақтандыру, оларды экологиялық тұрақтылық пен тиісті санитарлық жағдайда сақтау мақсатында пайдаланудың айрықша шарттары белгіленеді.

Су қорғау аймақтары шегінде шаруашылық қызметі қатаң шектелетін әрі санитарлық-қорғау мәні бар аумақ болып табылатын су қорғау белдеулері бөлінеді.

2. Су қорғау аймақтары мен белдеулері және осы аймақтар мен белдеулердің

жерін шаруашылыққа пайдалану режимі мемлекеттік санитарлық қадағалау, табиғатты қорғау, орман шаруашылығы, балық қорғау, жерге орналастыру қызметі мен селден қорғау (сел қаупі бар аудандарда) органдарымен келісіле отырып бекітілген жобалық құжаттардың негізінде жасалған мемлекеттік су ресурстарын басқару органдарының ұсыныстары бойынша жергілікті әкімшіліктердің шешімдерімен белгіленеді.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерін жобалауды мемлекеттік су ресурстарын басқару органдарының өтінімдері бойынша мамандандырылған жобалау ұйымдары жүзеге асырады.

Жекелеген су объектілері (немесе олардың учаскелері) бойынша су қорғау аймақтары мен белдеулерін жобалауға, нақтылы объект бойынша су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеудің қажеттілігіне мүдделі заңды ұйымдар да тапсырыс жасай алады. Мұндай жағдайда жобалауға тапсырма мен жоба мемлекеттік су ресурстарын басқару органымен міндетті түрде келісілуге жатады.

3. Өзен жайылмасын, жайылма үстіндегі террасаларды, негізгі жағдайлардың тік жарқабақтарын, жыра мен сайларын қоса есептегенде, орташа көпжылдық межеленген су деңгейі ернеуінен бастап әрбір жаға бойынша су қорғау аймағының ең тар ені:

- кіші-гірім өзендер үшін (ұзындығы 200 км дейін) - 500 м;

- қалған өзендер үшін:

шаруашылыққа пайдаланудың қарапайым жағдайында және су жиналымындағы қолайлы экологиялық жағдайда - 500 м;

шаруашылыққа пайдаланудың күрделі жағдайында және су жиналымындағы ауыр экологиялық жағдайда - 1000 м болып қабылданады.

Арналы су қоймалары үшін су қорғау аймағының ең тар ені, ол орналасқан өзенге арналғандай болып қабылданады. Су қорғау аймағының ішкі шекарасы қалыпты көтерілген су деңгейінің ернеуі бойымен өтеді.

Құйылма су қоймалары мен көлдер үшін су қорғау аймағының ең тар ені су тоғандарының айдыны 2 шаршы км дейін болғанда 300 м және айдыны 2 шаршы км көп болғанда - 500 м болып қабылданады. Көлдер үшін су қорғау аймағының ішкі шекарасы орташа көпжылдық су деңгейінің ернеуі бойымен өтеді.

Су қорғау аймақтарының аталған көлемі су объектісінің жергілікті физикалық-географиялық жағдайларына, шаруашылыққа пайдаланудың маңызы мен сипатына, топырақтық, гидрологиялық, жер бедерлілігі, санитарлық-техникалық және іргелес аумақтың басқа жағдайларына байланысты анықтала түсуі мүмкін.

Су объектілерінің жағаларына орналасқан орман шоғырлары ормандарды қорғау санатына жатқызудың қолданылып жүрген тәртібіне сәйкес су қорғау

Табиғи және жасанды шектелімдер немесе жоғарыдағы аумақтардан су объектілеріне үстіңгі жағынан ағын болу мүмкіндігін жоятын кедергілер (өзен алабы ернеулері мен сайлар, жол-көлік жүйесі, бөгеттер, ормандар шоғырының шеті және басқалар) су қорғау аймағының шекарасы бола алады.

Су қорғау аймағы төңірегіндегі елді мекендерде, су объектісінің ластануы мен былғануына жол бермейтін пайдалану режимі сақталуы тиіс.

4. Су қорғау белдеулерінің ең тар ені өзен аңғарының тұрқы мен түрін, іргелес баурайлардың көлбеулік шамасын, жағалардың өзгертілу болжамы мен ауыл шаруашылығы жерлерінің құрамын есепке ала отырып анықталады және барлық су объектілері үшін мынадай көлемде қабылданады:

Су қорғау белдеулерінің көрсетілген көлемі жағалардың он жылдық кезеңдегі болжамдық өзгерулерінің еніне ұлғайтылады.

Ауыл шаруашылығына бағалы жерлерде жағалаулардың бойында ағашты-бұталы белдеулері немесе қорғағыш және жаға бекітетін құрылымдар болған жағдайда су қорғау белдеулерінің енін азайтуға рұқсат етіледі.

Кіші-гірім өзендерінің бастауларында су қорғау белдеулері төмендегіше:

		Баурайлардың көлбеу болғандағы су	
		қорғау белдеулерінің ең тар ені (м)	
Су объектілері жағаларына	-----		
іргелес жатқан жерлердің түрі !	жағадан	жағаға қарай	еңістік
		!	еңістік !-----
		(нөлдік	3 градусқа   3 градустан
		(нөлдік	!3 градусқа ! 3 градустан
		!	! дейін ! жоғары

Егістік жер	35	55	100
Шабындықтар, пішендіктер	30	50	75
Орман, бұта	25	35	55
Өзгесі (жарамсыз жер)	35	55	100

- орман өспеген аудандарда - осы Ережеге сәйкес міндетті түрде кемінде ені 20 м ағашты-бұталы белдеу жасалынуымен;

- орманды аймақтарда - ормандарды қорғау санатына жатқызу тәртібіне сәйкес белгіленеді.

Елді мекендердің төңірегінде су қорғау белдеулерінің шекаралары су объектілерінің ластануы мен былғануын болғызбайтын, жағалау аймақтарына міндетті инженерлік немесе орман-мелиорациялық жайғастыру арқылы ( парпеттер, жалдар, орманды-бұталы белдеулер және т.б.), оларды жоспарлау

мен тұрғызудың нақты жағдайларына қарай белгіленеді.

Жеке адамдардың пайдаланатын қызметтік үлестері, үй жанындағы, саяжай мен бау-бақша учаскелері су қорғау режимі қамтамасыз етілген жағдайда су қорғау белдеулері шегінде сақталуы мүмкін.

5. Су қорғау аймақтарының шекаралары жер иелері мен жер пайдаланушылардың жерлерін алып қоймай белгіленеді және олар картографиялық материалдарда көрсетіледі.

Белгіленген су қорғау белдеулері шегіндегі аумақ жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың келісімі бойынша жергілікті әкімшіліктің шешімімен мемлекеттік су ресурстарын басқару органдарына беріледі және оның шекараларын жерге орналастыру органдары, жер есебі құжаттарына өзгерістер енгізе отырып, нақты тұрқына көшіреді, белгілер қойылады.

6. Көлік пен сал ағызу мақсатында және басқа арнайы мұқтаждар үшін су қорғау аймақтары мен белдеулері шегіндегі аумақты бөлу мен пайдалану Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік су ресурстарын басқару органы мен басқа арнайы уәкілдік органдардың келісуі бойынша және су объектісінің былғануын, ластануын мен сарқылуын болдырмайтын тиісті пайдалану режимін сақтаған жағдайда жүзеге асырылады.

7. Су қорғау аймағы шегінде мыналарға:

су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін былғану мен ластанудан сақтайтын құралдармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген, жаңа және жасалған объектілерді іске қосуға;

тыңайтқыштар, пестицидтер, химиялық улы заттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, автомашина мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету мен жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, қоқыс пен өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыларды, өлген малдар көмілетін ұраларды, аппаратураларды пестицидтермен және химиялық улы заттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону алаңқайларын орналастыру мен жасауға, сондай-ақ сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын атқару, пайдалы қазбалар өндіру, кабель, құбыр және басқа коммуникацияларды өткізу, белгіленген тәртіппен мемлекеттік табиғат қорғау, су ресурстарын басқару органдарымен, жергілікті әкімшіліктермен және басқа арнайы уәкілді органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және өзге де жұмыстар жүргізуге;

су көздеріндегі су жиегінен 2000 м дейінгі қашықтыққа орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен егілген ағаштарды химиялық улы заттармен авиациялық өңдеу және авиациялық жолмен минералды тыңайтқыштармен

қоректендіру тәсілін қолдануға;

су тоғандарының режимін нашарлататын малды тоғыту мен санитарлық өңдеу және шаруашылық қызметінің басқа түрлеріне тиым салынады. Су қорғау аймағында өңдеу жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайда тек қана улылығы аз және орташа, тұрақсыз пестицидтерді пайдалануға рұқсат етіледі;

концентрациясының рұқсат етілген шегі белгіленбеген пестицидтерді (ПДК) пайдалануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған ақаба суды және тұрақты хлорорганикалық химиялық улы заттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға; шамадан тыс мал бағуға тыйым салынады.

Су қорғау белдеулері шегінде аталғандардан басқа мыналарға да: жер жыртуға, мал бағуға, ағаш-бұта өсімдіктерін шабуға; органикалық және минералдық тыңайтқыштарды, химиялық улы заттар мен пестицидтерді қолдануға;

шатырлы қалашықтарды, тұрақты автомобиль аялдамаларын, малдың жазғы жайылымдарын орналастыруға;

су сағасын, су реттейтін, қорғау және басқа арнайы мақсаттағы құрылыстардан басқа үйлер мен ғимараттарды тұрғызуға;

саяжай және ұжымдық бау-бақшаларға учаскелер бөлуге; су тоғандарын, олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін ластаудан сақтайтын құралдармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмей салынған объектілерді пайдалануға;

органикалық және минералдық тыңайтқыштарды қолдануға тиым салынады.

8. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін ұйымдастыру су жиналымындағы кешенді су қорғау шараларымен бірлесе жүргізілуі тиіс.

9. Су қорғау аймақтарын ұйымдастыру сумен жабдықтау курорттық, сауықтыру және халықтың өзге де мұқтаждығына пайдаланылатын су көздерінің санитарлық қорғау аймақтарын құруды жоққа шығармайды, олардың шекарасы мен көлемі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленеді.

10. Су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленген және олардың шегіндегі жерлерді пайдаланудың режимі туралы шешімді жергілікті әкімшілік барлық мүдделі мекемелерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға, шаруашылықтар мен азаматтарға жеткізуге міндетті.

11. Су қорғау аймақтарын тиісті жағдайда ұстау және олардың аумақтарын шаруашылыққа пайдалану режимін сақтау су қорғау аймақтары шегінде пайдаланып отырған жерлері бар, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік түріне қарамастан, кәсіпорындарға, ұйымдарға, шаруашылықтарға, сондай-ақ азаматтарға жүктеледі; бұған мемлекеттік жер қорының аумағы және су қорғау белдеулерінің аумақтарын ұстау мемлекеттік су ресурстарын басқару органына

жүктелетін аумақтар қосылмайды.

12. Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі аумақтарды пайдаланудың белгіленген режимін бұзған кінәлі адамдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартылады.

13. Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі аумақтарды пайдалану режимінің сақталуын қадағалау Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитетке, Қазақстан Республикасының Экобиоресурстарминіне, Мемжеркомына, Денсаулықминіне, "Қазселқорғау" өндірістік бірлестігіне (сел қаупі бар аудандарда) Ішкі істер министрлігіне, сондай-ақ жергілікті әкімшіліктерге жүктеледі.